

"Маңғыстау электр тарату желісі компаниясы" акционерлік қоғамы акцияларының қосымша эмиссиясын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 қыркүйектегі N 822 Қаулысы

Қазақстан Республикасының қор нарығын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Самұрық мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - холдинг) "Маңғыстау электр тарату желісі компаниясы"» акционерлік қоғамы (бұдан әрі -»"МТЭК" АҚ) акцияларының қосымша эмиссиясын холдингтің меншігінде»"МТЭК" АҚ акцияларының жалпы санының кемінде 75 пайызын қосу 1 акциясын сақтай отырып, Қазақстан Республикасы халқының арасына шығару және орналастыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) холдингпен бірлесіп екі ай мерзімде»"МТЭК" АҚ акцияларын Қазақстан Республикасы халқының арасына шығару және орналастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. "Кейбір өңірлік электр желілері компаниялары акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 маусымдағы N 640 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасында»жарғылық капиталдың 93,78 (тоқсан үш бүтін жүзден жетпіс сегіз) пайыз мөлшерінде»"Маңғыстау электр тарату желісі компаниясы" деген сөздер алынып тасталсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шөкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК